

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

Өзгерістерді енгізуге әзірміз

Мемлекет басшысының биылғы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыспен тұрмыс сапасын арттыру" атты халыққа Жолдауында өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру бағытындағы басымдықтың бірі – құқық қорғау органдарының жұмысына терең және сапалы өзгерістер қажеттігі баса айтылды. Рас, қауіпсіздік – тұрмыс сапасының ажырамас бөлігі. Елбасы: "Ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыспен күресте алдыңғы шепте жүреді, көбіне өз басын қатерге тігіп, азаматтарды қорғайды. Сонымен қатар, қоғам құқық қорғау органдарының, ең алдымен, полиция жұмысының түбегейлі жақсаруын күтіп отыр", – деді.

Мемлекеттегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау үшін арнайы механизм бар. Ол механизмнің ішінде полиция, яғни, ішкі істер органдары өзіндік орындарға ие. Сондықтан, ең бастысы, азаматтардың еркін жүруіне, қоғамда өзін қауіпсіз сезіну үшін полиция қызметкерлерін ішкі істер органдарының академиясы арнайы оқытады. Академияның негізгі міндеті – кәсібилігі жоғары, мінсіз мінез-құлыққа ие болған болашақ ішкі істер органдарының, яғни, полиция қызметкерін даярлап шығару. Біздің академия да Елбасының көтерген мәселелерінен қалыс қалмай, оны жүзеге асыруда.

Жолдауда ішкі істер органдары қыз-

мының оңтайландыру – тәртіп сақшылары өзіне тиесілі емес функциялардан арылып, ең бастысы, нақты қылмыспен күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді деген сөз. Бұл салада, алдымен, жалақы көбейеді. Екіншіден, әлеуметтік жағдайы жақсарады. Соның ішінде баспанамен қамтылу, материалдық-техникалық жағдайының жақсаруы бар. Полициядағы жедел қызметкерлер, тергеушілер тұрғын үй жағынан жеңілдіктер алады. Үкіметтің қаулысымен оларға өздерінің жалдап жатқан пәтерлерінің ақысын мемлекет төлеп отыр. Ал жол-патрульдік полиция қызметкерлері, учаскелік инспекторлар, көмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар және басқа да рангтағы қызметкерлер бұл жеңілдіктерді алмайды. Елбасы олардың назардан тыс қалмай, үй-жайға сертификат берілу керектігін көтерді. Бұл үнемделген қаражат арқылы немесе үкіметтің арнайы қаржы бөлуімен шешіледі деп ойлаймыз.

Мемлекет басшысы тоқталып өткен тағы бір мәселе – полиция қызметкерлерінің жаңа стандартын бекіту. Біз өлемдік полиция қызметкерлерін даярлайтын оқу орындарының бағдарламаларымен таныспыз. Айталық, қазіргі таңда ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Бүкіләлемдік полиция академиялары қауымдастығының құрамында. Яғни, өзіміздің мамандарды даярлау үшін озық үлгідегі стандарттарды қолданудамыз. Полиция қызметкерінің негізгі мін-



режесін көріп келдім. Біз де сол елдердегі озық тәжірибелерді енгізу үстіндеміз. Бізде оқып жүрген курсанттарға тек абстракттілі теория ғана емес, оны практика жүзінде жүзеге асыру, құқықтық қатынастарды ретке келтіру, өзіне берілген заң шеңберіндегі шараларды қолданудың барлығын оқу бағдарламасына енгізуіміз керек.

Сонымен қатар, полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау мен іріктеу жүйесін өзгерту қажеттігі айтылды. Бұл мәселеге көңіл бөліп қарасақ, қазіргі уақытта қалыптасқан бағыт бойынша күндізгі оқу орнына келетіндер алдын ала арнайы іріктеуден, медициналық тексерістен, ұлттық тестілеуден өтіп барып, біздің академияда дене шынықтырудан емтихан тапсырады. Оған дейін алдын ала арнайы тесттер тапсыру керектігі, психологиялық

Бас Туын көтеру рәсімінде, Мемлекеттік рәміздер күніне орай өткізіледі. Мұның өзі академияда оқып шыққан әр курсант үшін үлкен дәреже.

Тәуелсіздік алған уақыттан бері 700-ден астам полиция қызметкерінің қызмет бабында қаза болғаны жайында Елбасы өз Жолдауында бекер айтқан жоқ. Олар өзіне берілген міндетті жоғары атқарып, қоғамдық мүддені қорғап, алдыңғы шепте жүріп өз өмірлерін қиды, көзсіз ерлікке барды. Бүгінгі күні тек құқық қорғаушыларға ғана емес, миллиондаған қазақстандыққа үлгі болған Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасовтың ерлігін алайық. Осындай батыл қадамға бару керектігі жайында біздің академияның саптық алаң маңдайшасында жазылған "Міндет. Ерлік. Абырой" ұранынан-ақ әр курсантымыз өзіне зор жауапкершілік артылғанын сезіне алады. Немесе Елбасының 1997 жылы 16 шілдеде осы академияға келіп, "Қостанайдағы тұңғыш милиция мектебіне, оның шәкірттеріне Отанына адал қызмет етуді тілеймін!" – деген сөзі – жастарға бағыт беріп, олардың өз міндетін мінсіз атқаруға серпін болатын жалынды ұран.

Біздің Академия Ұлы Абайдың даңғылында орналасқан. Хәкімнің өз сөзімен айтсақ, адам баласы басқалардан білім ғылым арқылы озады. Ал оң қанатымызда генерал Арыстанбековтың көшесі тұр. Академияның өзі Шырақбек Қабылбаев атында. Яғни, ұлылардың тоғысқан жерінде. Мен жастарға: "Осы ұлылардың білімі мен ғылымы, еңбегі сендерді әрқашан құлшынысқа, алға ұмтылысқа және жетістікке жетуге шақырып тұрады", – деп үнемі айтумен келемін.

Сол себепті, еліміздің болашақ тұтқаларына тек теориялық білім беріп қана қоймай, оларды мәдениеттілікке, отансүйгіштікке, патриоттық сезімге, әділетті ба-

мәселелері айтылды. Жеке-жеке тоқталатын болсақ, "Ішкі істер министрлігінің штаттық құрылымын оңтайландыру, тиесілі емес функциялардан арылу керек", – деп айтып кетті. Ол да орынды мәселе. Өйткені, қазіргі уақытта ішкі істер органдарында мамандандырылған күзет бөлімдері бар. Полиция қызметкері қоғамдық тәртіпті сақтаудың орнына күзетушілік функциямен айналысады. Оны Елбасы көтеріп кетті. Ол функцияны кәсіби ортаға, яғни, күзетшілікпен айналысатын мекемелерге беру керектігі айтылды.

Ал полиция саласындағы қызметкер са-

л қаңтарынан бастап ішкі істер саласын жаңғырту мақсатында Жол картасын енгізу тапсырылды. Қазіргі уақытта Ішкі істер министрлігінде арнайы топ осы мәселені талдап, сұрыптап, соны біз талқылауға кірістік.

Айта кетейін, өзім болашақ полиция мамандарын даярлайтын жоғары оқу орнының басшысы ретінде әлемде озық саналатын Еуропа, Азия елдерінің полиция оқу орындарында болып жүрмін. Биыл Оңтүстік Кореядағы ұлттық полиция университетінде болып, ондағы дайындық дә-

жаңа бағдарламасына сай енгізіледі деп ойлаймыз.

Біз халыққа қызмет ететін полиция даярлауымыз керек. Бұл азаматтар мен тәртіп сақшыларының арасындағы алшақтықты мейлінше жақындатады. Болашақ погон таққан шенділердің қызметі мінсіз, кәсіби шеберлігі жоғары болуы керек. Осы үрдісті біз академия қабырғасында үйретумен келеміз.

Қазір ҚР ІІМ Қостанай, Алматы, Қарағанды академияларының ең үздік түлектері Елбасының қолынан погон алатын үрдіс енгізілді. Бұл салтанатты шара еліміздің

Әр курсантымыздың дене бітімі мықты, шымыр болуы керек. Ол өзін ғана қорғап қоймай, азаматтарды да қорғай алатын болуы керек. Сондықтан біз академияда курсантарымыздың бойында мәдениетті, шымыр, интеллектуалды жағынан деңгейі жоғары, жан-жақты болғанын қалаймыз әрі соған үлкен күш саламыз.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының бастығы,
полиция генерал-майоры.